

**Партиялық тізімдер бойынша сайланатын Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісі депутаттарының кезекті сайлауын
әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспарын
бекіту туралы**

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық заңының 12-бабы 1) тармақшасына сәйкес және Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарының кезекті сайлауын тағайындау туралы» 2020 жылғы 21 қазандағы № 439 Жарлығының негізінде Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған 2021 жылғы 10 қаңтарға тағайындалған, партиялық тізімдер бойынша сайланатын Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарының кезекті сайлауын әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспары бекітілген.

2. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың, қалалар мен аудандардың әкімдері облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың, қалалар мен аудандардың Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерлерімен бірге Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарының сайлауын өткізу кезеңінде өңірлердегі эпидемиологиялық жағдайды ескере отырып, сайлау процесінің санитарлық қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларын көздерін.

3. Облыстық, республикалық маңызы бар қалалар және Республика астанасының сайлау комиссиялары сайлауды әзірлеу мен өткізуді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулы Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының интернет-ресурсында жариялансын.

Төраға

Б. Имашев

Хатшы

С. Мұстафина

Нұр-Сұлтан қаласы,
2020 жылғы 21 қазан,
№ 29/332